

## Мектеп басшыларына

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің іс-шаралар жоспарына сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңі 2025 жылдың мамыр айында өтетінін хабарлайды.

Ережеге сәйкес РФЖК-ға 4 бағыттағы 16 секциялар бойынша қатысады:

- I бағыт «Ғылыми-техникалық прогресс экономикалық өсудің негізгі буыны ретінде»** - секциялар: физика; техника; Жер және ғарыш туралы ғылым.
- II бағыт «Экономикалық және әлеуметтік үрдістерді математикалық модельдеу»** - секциялар: математика; Қолданбалы математика; информатика; экономика.
- III бағыт «Салауатты табиғи орта - «Қазақстан-2030» Стратегиясын жүзеге асырудың негізі»** - секциялар: химия; биология; қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығы.
- IV бағыт «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және перспективалы туристік маршруттар»** - секциялар: тарих; өлкетану; этномәдениеттану; тіл білімі; адам және қоғам; әдебиет.

Осыған орай, аудандық кезеңге қатысатын зерттеу жұмыстарының сұранысын ғылыми жоба материалдарын аудандық білім бөліміне, ғылыми зерттеу жұмыстарының тақырыптарын (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) және көрсетілген форма бойынша есептерін Excel (4 бағыт, 16 секция) қосымшада көрсетілген кестеге сәйкес **2025 жылдың 25 сәуіріне** дейін [guli\\_kz80@mail.ru](mailto:guli_kz80@mail.ru) поштасына жіберулеріңізді сұрайды.

**Қосымша ереже, 6 кесте тіркелді**

Басшы



**М.Сванов**

Орындаған: Г.Жамалбекова

87021731498



Бекітемін  
Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшысы  
М.Сванов

## 2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық зерттеу жобалар конкурсының ережесі

### I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 99 бұйрығымен бекітілген "Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидалары" (бұдан әрі - қағидалар), Халықаралық Қағидалар (ISEF) талаптары негізінде әзірленген осы ереже жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық зерттеу жобалары конкурсын (бұдан әрі - конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды. Байқаудың мақсаты оқушылардың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету болып табылады.

#### Байқаудың міндеттері:

- 1) оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;
- 2) ең талантты және дарынды зерттеушілерді іріктеу және қолдау;
- 3) оқушылардың үздік зерттеу жетістіктері мен өнертабыстарын көрсету және насихаттау;
- 4) оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамыту мәселелеріне қоғамның назарын аудару және ғылыми-зерттеу ресурстарын тарту.

2. Конкурстың кезендері (аудандық калалық, облыстық, республикалық).

3. Конкурста 16 секцияда 4 бағыт бойынша жұмыстар ұсынылады:

**I бағыт «Ғылыми-техникалық прогресс экономикалық өсудің негізгі буыны ретінде»** - секциялар: физика; техника; Жер және ғарыш туралы ғылым.

**II бағыт «Экономикалық және әлеуметтік үрдістерді математикалық модельдеу»** - секциялар: математика; Қолданбалы математика; информатика; экономика.

**III бағыт «Салауатты табиғи орта - «Қазақстан-2030» Стратегиясын жүзеге асырудың негізі»** - секциялар: химия; биология; қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығы.

**IV бағыт «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және перспективалы туристік маршруттар»** - секциялар: тарих; өлкетану; этномәдениеттану; тіл білімі; адам және қоғам; әдебиет.

4. Конкурста ұсынылатын жұмыстар:

- 1) ғылымның осы саласындағы фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды және жекелеген, бұрын белгісіз жаңалықтарды және эксперименттерді жариялау;

2) мектеп эксперименттерін жетілдіруге және өндірістік процестерді рационализациялауға жәрдемдесетін практикалық міндеттерді шешуге жана енгізетін аппараттардың, модельдер мен аспаптардың конструкцияларын құрастыру;

3) әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған экономикалық-заңдық негіздемесі бар компьютерлік модельдер мен жобалар әзірлеу;

4) зерттеу жобасының дайын өнімін (макет, өнім, модель, бағдарлама, буклет) ұсыну.

II. Зерттеу конкурсын ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Зерттеу жұмыстарының тақырыптары "Regeneron ISEF" (Вашингтон қ., АҚШ) тіркелген жобаларын аффиляция үшін тиісті жылдың 25 қыркүйегінен кешіктірмей "Дарын" РҒПО-да тіркеледі.

2. Зерттеу конкурсы төрт кезеңде өткізіледі:

1) аудандық/қалалық кезең - білім бөлімдері оқушылардың ғылыми қоғамының немесе ғылыми жетекшінің ұсынысы бойынша 8-11 сынып оқушылары қатысады. Командалық жұмысты екіден көп емес оқушы орындайды.

2) облыстық кезең - екі кезеңнен тұрады, оны облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру ұйымдары (бұдан әрі - РББУ), «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі - НЗМ ДББҰ), «Республикалық физикаматематика мектебі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі "РФММ" КЕАҚ) ұйымдастырып өткізеді.

Аудандық кезеңге мектепішілік кезеңнің жеңімпаздары қатысады, олар ғылыми жетекшінің пікірімен және ілеспе құжаттарымен (өтінім, зерттеу жұмысы, зерттеу күнделігі) жұмыстарды ұсынады.

Аудандық кезеңнің туры - жобаларды қорғау. Жұмысты қорғау кезінде жобаның авторына (бірлескен авторына) баяндама үшін 7-10 минут беріледі.

Конкурстың барлық кезеңдерінде: плагиатка, бұрын басқа конкурстарда өз бетінше ұсынылған жұмыстарды пайдалануға немесе ұсынуға, сондай-ақ жануарларға қатыгездікпен қарау эксперименттері бар және адамдар мен жануарлардың денсаулығына зиянды (уытты) заттар пайдаланылатын, кәмелетке толмағандар үшін қол жеткізуге рұқсат етілмеген аппаратураны, канцерогендік және мутагендік әсері бар радиоактивті, зерттелмеген биологиялық белсенді қосылыстар; адамдар мен жануарлар үшін патогенді немесе шартты патогенді заттар; микроорганизмдер, вирустар, алкоголь, темекі, арнайы мақсаттағы дәрілік заттарды пайдалануға жол берілмейді). Жобалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс.

III. Зерттеу жобасын ресімдеуге қойылатын талаптар.

1) Титул парағы нөмірленбейді, келесі беттің нөмірі - 2, титул парағында көрсетіледі:

- жұмыс орындалған ұйымның толықтырып; қала, мектеп, автордың (бірлескен автордың) тегі, аты, сыныбы;

- жұмыс атауы;
  - бағыт, секция;
  - жоба жетекшісінің (мұғалімнің) және ғылыми кеңесшінің (ғалымның) - тегі, аты, әкесінің аты;
  - кала (конкурс өткізілетін орын), жылы;
- 2) Зерттеу жұмысының көлемі баспа мәтіннің 20 парағынан аспауы тиіс; теру шрифті - Times New Roman, шрифт өлшемі - 14, кегль (жоларалық интервал 1,5 см), азат жол шегінісі - 1,25 см; жиектері: жоғарғы, төменгі, жақ - 2 см, сол жақ - 3 см; беттерді төменгі ортасынан нөмірлеу.
- 3) Жұмыс қамтиды:
- а) Мазмұны,
  - б) Эссе - көлемі 250 сөзден аспайтын, зерттеу жұмысы тілінде жазылады (оқушының алған нәтижесін сипаттауы және оның қазіргі заманның қандай да бір өзекті проблемасын шешуге ықпалын дәлелдеу. Сонымен қатар, автор зерттеу жетістіктері, мақсаттары мен мүдделері туралы сипаттап, өз жұмысының бірегейлігін айқындайды);
  - в) Аннотация - көлемі 250 сөзден аспайтын, зерттеу жұмысының тілінде және ағылшын тілінде жазылады (зерттеудің өзектілігі, мақсаты, гипотезасы; кезеңдері; әдістері; зерттеудің жаңалығы, дербестік дәрежесі және қорытындылары);
  - г) Ғылыми жетекшінің зерттеу жұмысына (ғалымға) шолуы - жұмыстың практикалық қызмет үшін маңыздылығы туралы ақпарат, зерттеудің өзектілігі дәрежесін және жұмысты орындаудың дербестігін көрсету.
  - д) Кіріспе - осы жұмыстың қажеттілігін көруге мүмкіндік беретін таңдалған тақырып бойынша белгілі нәтижелерге аналитикалық шолу;
  - е) Жұмыстың зерттеу бөлігі (15 беттен артық емес) жеке тараулардан (параграфтардан) тұруы және мыналарды қамтуы тиіс: - қойылған міндеттерді шешу әдістерінің сипаттамасы; - жұмыс нәтижелері және оларды талқылау; - иллюстрациялық материал - А 4 (сызбалар, графиктер, фотосуреттер, суреттер);
  - ж) Қорытынды (1 беттен артық емес) жұмыстың негізгі нәтижелерін және олардың негізінде жасалған қорытындыларды, жұмыс нәтижелерін ғылыми және практикалық мақсаттарда пайдалану жөніндегі ұсынымдарды қамтиды;
- 3) Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жұмыстың соңында жалпы тізіммен мынадай тәртіппен келтіріледі: (автордың тегі мен аты-жөні; мақала мен журналдың атауы (журнал макалалары үшін); кітаптың атауы; басып шығарылған жері мен баспасы (кітаптар үшін); беті, шығарылым нөмірі, шыққан жылы). Мәтінде пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер тік жақшада берілуі керек. Мәтінде сілтемелер пайда болған кезде нөмірлеу дәйекті болуы керек;
- к) Қосымшалар:
- Оқушының зерттеу жобасының күнделігі:
- зерттеу жоспары (мерзімі / айы-жылы; қызмет атауы; нәтижесі) (фото және видео растаумен, бейне ұзақтығы 2 минуттан аспауы тиіс, көлемі 50 Мб аспауы тиіс);

- жоба жетекшісінің оқушының зерттеу жұмысы туралы Пікірі - таңдалған тақырыптың өзектілігі, автордың жұмысқа қосқан жеке үлесі, оқушының жоба бойынша жұмыс кезінде алған өзіндік зерттеу қызметінің жаңа білімі мен дағдылары, жұмыстың кемшіліктері және нәтижелерді одан әрі пайдалану бойынша ұсыныстар көрсетіледі.

#### **IV. Зерттеу байқауының жеңімпаздарын марапаттау**

1. Зерттеу конкурсының аудандық кезеңінің жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен және грамоталармен марапатталады.